

**әл -Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина
және нейроғылым кафедрасы «8D05102 – Биомедицина» білім беру
бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған Есенова Мақпал Әбунасырқызының
«Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі лимфа жүйесінің қызметі және
лимфа тамырларының жиырылу белсенділігі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына**

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмысы тақырыбының өзектілігі инфекциялық қабыну үдерістері нәтижесінде туындайтын құрсақ қуысы және ондағы мүшелердегі асқынулар салдарынан ағзадағы қан және лимфада болатын физиологиялық, биохимиялық, физика-химиялық, морфологиялық өзгерістерді зерттеу үшін заманауи тақырыпты таңдауымен маңызды болып саналады. Жалпы құрсақ қуысы қабыну ауруы, еліміздің әлеуметтік саласын және медицина мамандарын алаңдатып отырған аурудың бірі. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде лимфа жүйесінің құрылысы мен атқаратын функциялары жайлы әдебиеттердегі мәліметтерге сүйеніп сипаттама жасалған. Лимфа жүйесі - құрылымы мен қызметі бойынша веноздық жүйені толықтыратын жүрек-қан тамыр жүйесінің бөлігі болып табылады. Лимфа жүйесінің қызметіне - тіндерден веноздық арнаға лимфа түзілуі және өткізілуі, тіндерден бөгде бөлшектер мен метаболизм өнімдерінің жойылуы, лимфоидты элементтердің түзілуі жатады. Ол негізінен бірыңғай жүрек-қан тамыры жүйесінің үшінші компоненті болып саналып қана қоймай, организмнің барлық сұйық ортасын байланыстыратын және гомеостазды қолдауда маңызды рөл атқарады. Диссертациялық жұмыс қазіргі таңда өзекті мәселелердің қатарында. Жұмыс кіріспеден, теориялық, тәжірибелік бөліктерден, алынған нәтижелерді талдаудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құрылған. Барлық бөліктер логикалық тұрғыдан бірізді және диссертацияның тақырыбына сай. *Жұмыстың негізгі бөлімінде* ағзадағы лимфа жүйесінің құрылымдық-қызметтік ұйымдастырылуы мен қабыну үдерістері кезіндегі құрсақ қуысында орналасқан лимфа тамырларының жағдайы туралы соңғы 30-50 жыл аралығындағы ғылыми басылымдардағы мәліметтер талданып жалпылама сипаттама берілген.

Материалдар мен зерттеу әдістері бөлімінде зерттеу үлгісі ретінде нәжісті енгізу арқылы туындаған құрсақ қуысының қабынуы бар тәжірибелік топтар алынған. Зерттеуге алынған материалдарға әрі қарай микробиологиялық, биохимиялық, морфологиялық, морфометриялық және гистохимиялық әдістер арқылы сипаттамалар жасалынған.

Зерттеу нәтижелері және талқылау бөлімінде докторант лимфа мен қанның құрамын, түрлі факторлардың әсерінен болатын қан ағысының өзгерісі мен ұлпалардың қанмен қамтамасыз ету деңгейінің көрсеткіштерін, қабыну жағдайындағы құрсақ қуысында кездесетін микроорганизмдердің

құрамын, олардың антибиотиктерге сезімталдылығын, лимфа және кан тамырларының адренергиялық иннервациясын, лимфа және кан тамырларының микроқұрылымының ерекшеліктерін анықтаған.

Қорытынды бөлімінде диссертант тақырып бойынша шетелдік, отандық ғалым-лифологтардың еңбектерін теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғыда қарастырып өз жиналған материалдарымен салыстырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған.

М.Ә. Есенованың «Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі лимфа жүйесінің қызметі және лимфа тамырларының жиырылу белсенділігі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысты дайындау барысында жалпы 12 ғылыми мақала дайындалған, оның ішінде 2 мақала Scopus базасына енген журналда жарияланған (Q2 пайыздық көрсеткіші 59 және Q3 пайыздық көрсеткіші 30), индекс Хирша -1, сондай-ақ 3 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 6 халықаралық және Қазақстанның республикалық ғылыми-практикалық конференцияларында, 1 монография баспада жарық көрген.

Диссертациялық жұмыс үлкен шығармашылық ізденіспен орындалған, зерттеу жұмысының нәтижесі тиянақты, ал диссертант алдына қойған мақсатын жаңа әрі тиімді әдістерді қолдану арқылы өздігінен орындай білетін, маман ретінде жоғары біліктілігін және терең білімділігін көрсете білді. Сондықтан, докторант алдына қойылған мақсатты орындай алды және диссертацияны талапқа сай рәсімдеп, ұсынды, аталған жұмыс ресми қорғауға дайын деген пікір білдіремін.

Диссертанттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігі, ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бір-бірімен үйлесімді түрде баяндалғанын көруге болады.

Докторант Есенова Макпал Әбунасырқызының «8D05102 – Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Құрсақ қуысының қабынуы кезіндегі лимфа жүйесінің қызметі және лимфа тамырларының жиырылу белсенділігі» атты докторлық диссертациясы тақырыбы бойынша зерттеуі, докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес және жұмыс ғылыми білікті түрде аяқталып ұсынылған, оған «8D05102 – Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Биология және биотехнология факультетінің

биофизика, биомедицина және иммунология кафедрасының акад. профессоры, б.б.к.

Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

«*Гүлжолан*» 2015 ж.г.



Гүлжолан Атанбаева Г.К.